



## ҚАУЛЫ

2023 жылғы 12 шілде

Түркістан қ.

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 135

г. Туркестан

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін бекіту туралы**

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 4-1) тармақшасына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлауды және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (Қ.Ә.Қайыпбек) қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітілген тізбені мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығына, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің веб-порталында орналастыру үшін бекітілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Облыс әкімінің  
міндетін атқарушы



Н.Көшеров

0008240

Түркістан облысы әкімдігінің  
2023 жылғы « 12 » шіндегі  
№ 135 қаулысына  
қосымша

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі  
ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің  
тізбесі:**

1. Білім беру саласы:  
облыс тұрғындары үшін барлық деңгейдегі білім сапасы мен қолжетімділігін арттыру;  
материалдық-техникалық база деңгейін арттыру және білім беру жүйесінің инфрақұрылымын дамыту;  
қазақстан республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру.
2. Әлеуметтік сала:  
облыс аумағында орналасқан әлеуметтік нысандарды жаңғырту;  
даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу кезеңінде білім беру қызметтеріне қолжетімділік жағдайларын жасау.
3. Денсаулық сақтау саласы:  
жоғары технологиялық, медициналық көмекті, жедел жәрдемді, оның ішінде жедел мамандырылған көмекті, медициналық көмекті, медициналық эвакуацияны қоса алғанда, мамандырылған көмектің тиімділігін арттыру;  
емдеу – диагностикасының инновациялық әдістерін дамыту және енгізу;  
қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес азматтардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және міндетті әлеуметтік сақтандыру (МӘМС) шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;  
дәрілік заттардың қолжетімділігі мен сапасын арттыру;  
шалғай жерлерде орналасқан елді мекендердің тұрғындары үшін медициналық ұйымдардың аумақтық қолжетімділігін қамтамасыз ету;  
ДДҰ (дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеуде өмірлік маңызды деп айқындалған дәрілік заттарды оқшаулаға өздерінің инветициялық бағдарламалын бағыттайтын отандық өндірушілерді қолдау;  
денсаулық сақтау саласында цифрландыруды енгізуді және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
4. Дене шынықтыру және спорт саласы:  
дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың сондай-ақ, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың

қатысушылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау;

облыс аумағында балаларға, жасөспірімдерге және жастарға арналған әртүрлі спорт түрлері бойынша спорт секциялары мен клубтар желісін кеңейту.

5. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласы:

өңірде инфрақұрылымды және тұрғын үй құрылысын дамыту.

6. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және табиғатты пайдалану саласы:

тұрғын-үй қатынастары, сумен жабдықтау және су бұру, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру салаларында инфрақұрылымды іске асыру;

көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғырту және пайдалану;

елді мекендерді абаттандыру мен көгаландыру бойынша санитарлық тазартуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

7. Қоғамдық қауіпсіздік саласы:

қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

бейнебақылау камераларын полиция департаменті жедел басқару орталығының бірыңғай жүйесіне біріктіру.

8. Көлік және коммуникация саласы:

жерігілікті деңгейде жолаушылар көлігі жұмысын ұйымдастыру және жолаушылар көлігі инфрақұрылымын дамыту;

экономиканың және халықтың автомобиль тасымалдарына және өзге де жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.